

**Бір шаңырақ
астында
топтастырған...**

Жақында облыс орталығында Қазақстан халқы Қостанай облыстық Ассамблеясының XXV сессиясы болып өтті.

Оған облыстық Ассамблеяның төрағасы, өңір басшысы Архимед Мұхамбетов қатысты. Облыстық Ассамблеяның жұмысы этносаралық келісімді нығайту бағытына арналған. Жеткен жетістіктер әрі қарай жемісті еңбек ете беруді талап етеді. Бір мемлекет, бір келешек, бір тағдыр бағытында жұмыс істейтін өңірлік Ассамблея барлық этнос өкілдерін бір шаңырақ астында топтастырып келеді.

Облыстық Ассамблеяның жұмысы бойынша есеп берген оның төрағасының орынбасары Мәжит Шүленов кадрлық өзгерістер мен атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды.

9 –Біздің облысымызда 17 этномәдени орталық жұмыс істейді. Олар әр халықтың ұлттық мерекесіне орай түрлі шараларды ұйымдастырып тұрады. Былғы жылдың өзінде 158 мәдени шара өткізіп, мыңдаған адамның басын біріктірген екенбіз. Әр ұлттық орталық мәдениетін, тілін дамытып отыр. Бірнеше жексенбілік мектептер жұмыс істеп, оларға барушылар түрлі тілді меңгереді. Мәдени орталықтардың ішінен ашылған қоғамдық бірлестіктер еліміздің өзге де аймақтарымен емінеркін араласып, тәжірибе алмасып тұрады. Ассамблея құрамында ғылыми-сараптама тобы жұмыс істеп, олар ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізіп тұрады. Оның бәрі де патриоттық сезімді қалыптастыруға, ұлттар арасындағы достықты нығайтуға бағытталған. Отбасы құндылығын дәріптеу үшін Аналар кеңесі де құрылған. Олардың қатары бүгінде 21-ге жетті. Кеңес мүшелері жастармен кездесу ұйымдастырып, отбасылық құндылықтарды насихаттау, үлкендерге құрмет көрсету, Отанды сүйу бағытында жұмыстар атқарды, – дей келе М. Шүленов өңірімізде “Қазақстан халқы Ассамблеясы күнін” атап өтуді ұсынды.

Бұл жоба алдағы жылы қолға алынбақ. Сонымен қатар аудандардағы Мәдениет үйлерінде “Шаңырақ” бірлестігін құруда жоспарда тұр. Одан әрі сөз алған Алтынсарин ауданынан келген Гүлнар Немчинова Краснокардон орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі. Оның анасы қазақ болса, әкесі грузин ұлтынан.

–Мен Қазақстанға келген соң орыс тілін ғана емес, қазақ тілін де еркін меңгеріп алдым. Латын әліпбиіне көшу өзекті және дер кезінде қабылданған шешім. Қазақстанда тұрып жатқан түрлі ұлт өкілдері мен қазақ халқы өмірі үшін ажырамас бөлік болып табылатын тарихи қадам. Ұстаздар қауымы мені зор осы бастаманы қолдап қана қоймай, оның нақты іске асыруға дайынбыз, – деді ол.

Сол сияқты қазақ тілінде еркін сөйлеген Алла Чечеткинаның да ұлты молдаван. Ол Аманкелді өңірінде өскен. Қазақ жерін өз отаным деп санайды. Ол баршаны қазақ тілін меңгеруге, татулық пен достықты берік ұстауға шақырды.

Сессия соңында облыс әкімі Архимед Мұхамбетов ел бірлігін нығайту, бейбітшілік пен келісімді сақтау және рухани мәдениетті дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен және алғыс хат, грамоталармен марапаттады.

Негізгі аспектілер әңгіме арқауы болды

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты көрсеткіштер көңіл көншітерлік емес. Сондықтан, әр өңірде «Мемлекетіміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, қоғамдағы сыбайлас жемқорлық, оның залалы және жауапкершілігі» тақырыбында түрлі жиындар өтуде. Жақында Тобыл кентінің локомотив депосында да біріккен кездесу өткізілді.

Кенттің желілік полиция бөлімшесінің бастығы Даут Өтегенов пен локомотив депосының басшысы Салават Байнакатовтың қатысуымен өткен тақырыптық жиынның басты мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұртшылықтың сауаттылығын арттырып, өздерінің құқықтарын пайдалана білу деңгейін жоғарылату болып табылады. Полиция аға



лейтенанты Даут Маратұлының айтуынша, кездесуде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жаңашылдықтары, сонымен қатар халықаралық және қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі аспектілері әңгіме арқауы болды. Осы іс-шараға

қатысқан депо жұмыскерлері жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысты ойларымен бөлісіп, бірқатар мәселелерді талқылады.

Естеріңізге сала кетейік, сыбайлас жемқорлық түсінігі – пара беруді, өзінің қызметтік дәрежесі лауазымын жеке баю мақсатында пайдалануды білдіреді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстың факторлары, демек, заң негізінде жаза қолданылады. Сондықтан, ұйымдастырушылар еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқықбұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілікке тартылғандардың қатарына әріптестерінің ілікпейтініне сенім білдірді.

**Қостанай ст. ІІЖБ
Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы**

Демократиялық жаңару күні

Желтоқсанның 16-17-сін Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні ретінде мерекелейтініміз баршаға белгілі. Ал 17 желтоқсанның - Қазақстан Республикасының Демократиялық жаңару күні екендігін біле бермейтіндер арамызда баршылық.

1991 жылы желтоқсанның 12-інде Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығымен Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-

18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылған адамдар ақталды.

Сонымен қатар аталған Жарлықтың 4-тармағы бойынша желтоқсанның 17-і - Қазақстан Республикасының Демократиялық жаңару күні деп жарияланды.

Сондай-ақ осы күн Желтоқсан құрбандарын еске алу күні де. Бұл күні Қазақ халқының азаматтық және саяси позициясын айқын аңғарта білген, 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі қанды қырғында опат болған жастардың аруағына сыйынып, құран оқылады.

Еске сала кетейік, бұдан 31 жыл бұрын 1986 жылғы желтоқсанның

17-19-ы аралығында Алматыда қазақ жастарының КСРО билігінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық қимылдары орын алды.

Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы Г.В.Колбинді Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1-ші хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. Желтоқсанның 17-і күні таңертеңгі сағат 8-де қаладағы Л.И.Брежнев атындағы алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін

ереуілілер саны 20 мыңға жетті.

КСРО-ның тоталитарлық отаршыл саясатына қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына келтіріліп, бұл жөнінде «Желтоқсан. 1986. Алматы.», «Желтоқсан құрбандарын жоқтау», «Ер намысы - ел намысы» жинақтары, К.Төбейдің «Мұзда жанған алау», Т. Бейісқұловтың «Желтоқсан ызғары» кітаптары жарық көрді, «Аллаһар», «Қызғышқұс» кинофильмдері түсірілді. 2006 жылы М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» атты көлемді кітабы басылып шықты.

Жетім көрсең, жебей жүр!

Жуырда «Qostanai» ұлттық арнасының эфирде ұсынылған отбасылық құндылықтарды насихаттайтын «Ақ орамал» ток-шоуында бақытсыз балалық шақтың күйін көшкен, ананың ыстық алақанын сезінбеген, жанары жасқа толы, жүрегі жаралы, жанашыр жандары жоқ, ана мен әке мейіріміне зәру жандар туралы сөз қозғалған болатын.

Қазақ «Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған» ел еді, дегенмен қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінен «Балалар үйі» ашылуда. Ресми деректер бойынша елімізде жүз мыңға жуық жетім бар. Демек, қанша жетім бар болса, сонша тағдыр да бар деген сөз. Дегенмен, бұл тақырып бей-жай қалмады. Осындай еліміздің өзекті тақырыптарының бірін талдау үшін, сәбидің көз жасына қалмас үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап беру үшін «Ақ орамал» бағдарламасына арнайы қонақтар шақырылған болатын. Сол қонақтардың бірі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Тәрбие бөлімінің бастығы полиция полковнигі Б. Құрманғалиева болды.

Жалпы бағдарламаның басты мақсаты – «Жетімдер үйі» не болмаса олардың тағдыры туралы баяндау емес, осы тақырыптың төңірегінде біздің қоғамда қазақтың ежелден қалыптасқан, санаға сіңген салт-дәстүрін жалғап келе жатқан бауырмал, жүрегі кең жомарт жандардың барын көрсету еді. Бүгінде бірігіп жасап жатқан жұмыстардың нәтижесінде балалардың құқықбұзушылыққа баруының алды алынуда. Сол жұмыстарға біздің де оқу орнымыз өзінің айтарлықтай үлесін қосуда. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясындағы жасөспірімдер, жастар ортақ қызығушылықтары бойынша бас қосып, әскери-патриоттық тәрбие сабақтарын өткізу үшін құрылған «Сақшы» әскери-патриоттық

клубының қатарына жасөспірімдердің болашақ өмірлеріне бағдар беру мақсатында Балалар үйінің тәрбиеленушілері алынған болатын.

Дана халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй қу мазар» деп, баланың көптеп дүниеге келуін тілеп, ұрпағының көбейіп, шаңырағының кеңейгенін жақсылыққа балаған. Шындығында да солай, әр үйдің қуанышын молайтып, ата-ананы бақытқа бөлеп, былдырлаған тілімен, сыңғырлаған күлкісімен үйдің сәнін кіргізіп, төп-тәтті қылығымен қандай мұңды да жеңілдетіп,

көңіліңді көтеретін жас сәбидің бал үніне жететін бақыт жоқ шығар. Әрине, бізден оларға ақша да, киім де қажет емес. Тек басынан бір сыйпап, бір жылы сөз айтсаң, мейірімге бөлесең болғаны. Сондықтан «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші жаны жаралы жандарға біріге отырып қол үшін беру қасиетті міндетіміз болып табылады.

**Э. КАНАЧИНА,
ҚР ІІМ Академиясы баспасөз
қызметінің мүшесі,
2-курс курсанты**



Қостанай облыстық сотында өткен шығармашылық кеш

Қостанай облыстық сотында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Бұған дейін ақын Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына арналған кеш, Елбасының өмір жолына негізделген «Жұлдыздар тоғысқанда» фильмінде басты ролді сомдаған актермен кездесу, сонымен қатар, жуырда театрға барып «Кейкі батыр» қойылымын ұжымдық тамашалау ұйымдастырылған болатын.

Бұл жолы жазушы, ақын, драматург, Қазақстанның құрметті журналисі, Жазушылар одағының мүшесі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры Ақылбек Шаяхметтің шығармашылығына арналған кеш өтті. Іс-шараға судьялар



мен сот мамандары қатысты.

Кездесуді ашқан Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев күнделікті жұмыстан бір сәт бас көтеріп, қоғамның рухани тұрғыдан сусындауына назар аударылып отырғанына тоқталды. «Бүгінде халықты еліміздің мәдениетімен және тарихымен етене таныстыру заман талабы, мемлекет бағыты», - деп атап өтті төраға.

Келе жатқан мемлекеттік мереке Тәуелсіздік күнімен сот қызметкерлерін құттықтаған

А.Шаяхмет оларға сәттілік пен бейбітшілік тіледі. Кездесу барысында ақын өзінің «Тәуелсіздік монументі қасында», «Менің ауылым», «Туған күн» өлеңдерін оқып берді.

Ақынның әр шығармасы терең мағынаға ие. Мәселен, «Туған күн» өлеңін автор өзінің дәл соғыс басталған таңда, 1941 жылдың 22 маусымында дүниеге келген досына арнаған екен. Осы күні туған ұлын дұрыс иіскей алмаған әке майданға аттанады, ал арада екі жыл өткен соң дәл сол күні оның әкесінің майданда

қаза болғандығы туралы қара қағаз келген. Сол себепті шумақ кейіпкері ешқашан өз туған күнін атап өтпеген, керісінше ол үшін өзі дүниеге келген күн қайғылы күн болған екен.

Жазушының көптеген шығармаларында драма көрініс алады, тұрмыс мәні, жамандық пен жақсылық қарсыластығының, Отанға, жарыңа, балалар мен қарттарға деген махаббаттың мәні айтылады.

Ақынның шығармашылығына қызығушылық танытқан судьялар мен мамандар сауалдарын қойып, оның өлеңдерін оқыды.

Шығармашылық кеш соңында сот төрағасы сот қызметкерлерінің көңілін серпілтіп, рухани тұрғыдан көңіл толқынын шерткен өнегелі кездесу үшін Ақылбек Қожаұлына алғысын білдірді.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Бақылау үстінен бақылау жүйесін құру дұрыс емес

Үкіметтің өткен сөйсенбідегі отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында «бақылаушылар үстінен бақылау жүйесін» енгізуді ұсынды. Премьер-Министр ондай бастамамен келіскен жоқ, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Тимур Сүлейменовтің сөзіне қарағанда, республика бойынша тұтынушылар құқықтарын қорғаумен айналысатын 174 қоғамдық ұйым бар. Алайда солардың тек 65-сі ғана нақты жұмыс істеп келеді. Негізгі себеп - қаржының тапшылығы. «Бүгінде осы салада бірыңғай мемлекеттік бақылау жүйесі жоқ. Ұлттық экономика министрлігі тек ведомствоаралық үйлестірумен ғана айналысады, арасында заңнаманы да түсіндіріп отырады. Тұтынушылар құқықтарын қорғауға қатысты ешқандай бақылау функциялары жоқ. Ал тексеріспен айналысатын органдар өз міндеттерін толығымен орындамайды», - дейді министр.

Осы орайда Т.Сүлейменов қоғамдық ұйымдарды мемлекет тарапынан қаржыландыруды ұсынып отыр. Ал құзіретті мемлекеттік органға, яғни ҚР Ұлттық экономика министрлігіне тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың орындалуын бақылау функциясын беру керек деп есептейді.

«Біз бизнестің өзін бақылайық деп отырған жоқпыз. Оны «бақылаушылар үстінен бақылау» деп атауға болады. Бұл дегеніміз, басқа мемлекеттік органдардың тұтынушылар құқықтарын қорғауға қатысты өз міндеттерін қаншалықты орындап жатқанын тексеру», - деп атап көрсетті Т.Сүлейменов.

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев «бақылаушылар үстінен бақылау жүйесін» әлі де пысықтау қажет деп санайды. «Бақылаушылардың үстінен бақылаушыларды қойсақ, сол бақылаушылардың үстінен тағы бақылаушыларды қоямыз ба? Сөйтіп, бір-біріміздің артынан жүрейік. Меніңше, бір-бірімізді бақылап жүргенше басқа бір механизмді ойлап табу қажет», - деп атап көрсетті Үкімет басшысы.

Жыл соңына дейін 4G қызметіне қосылады

Қазақстандағы барлық аудан орталықтары 2017 жылдың соңына дейін 4G қызметімен қамтылатын болады. Бұл туралы ҚР АҚМ Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Михаил Комиссаров айтты, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

«Телекоммуникация саласында министрліктің ден қойып отырған басым бағыттардың бірі - халықты кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету. Заманауи телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру нәтижесінде 2016 жылы интернет-қолданушылардың саны 76,8% артты. Сондықтан, Қазақстан бүгінгі таңда Бүкіләлемдік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілік бойынша Жаһандық индексіне 36 орыннан көрініп отыр», - дейді Михаил Комиссаров ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда республикадағы барлық ірі қалалар талшықты-оптикалық кабель арқылы интернетке қосылған.

«Алайда, әлемдік тренд бүгінгі күні сөзсіз сымсыз мобильдік желі арқылы интернет таратуға көшіп барады. Бұған ұялы байланыс абоненттерінің саны артып бара жатқаны дәлел бола алады. Бүгінгі таңда елімізде 26 млн абонент бар. Қазақтан дүниежүзінде абоненттердің тығыздығы бойынша 2017 жылы 17 орында», - дейді Комиссаров.

Оның келтірген дерегіне сенсек, 2016 жылы 3G қызметімен қамту көрсеткіші 86,8% жеткен.

«4G стандартындағы мобильдік байланыстың қызметі республикадағы тұрғын саны 50 мың және одан көп қалаларда ұсынылады. Осы жылдың соңына дейін біз 4G қызметімен барлық аудан орталықтары қамтылады деп күтіп отырмыз», - дейді ол.

Барлық телеарналар әлеуметтік жарнама көрсетуге міндеттеледі

Мәжілісте қаралып жатқан «Жарнама» туралы заң жобасы күшіне енген жағдайда Қазақстандағы барлық телеарналар әлеуметтік жарнамаларды көрсетуге міндеттеледі. Бұл туралы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында Дәурен Абаев айтты, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

«Біздің министрлік процестердің автоматтандырылуы тұрғысынан үлкен жұмыс жүргізіп жатыр. Автоматтандыру арқылы қажетсіз қағаздар мен анықтамалардың көзі жойылады. Демек, адам факторының араласуын шектейміз. Автоматпен анықтама беру басқа мемлекеттік органға тапсырылады. Сонымен бірге, балама анықтамаларды

алып тастау бойынша үлкен жұмыс жүргізіліп жатыр. Яғни, адамдар бұрын анықтаманы әкімдіктен де, Халыққа қызмет көрсету орталығынан да алып жүрсе, бұл құжатты ол бұдан былай тек ХҚКО-дан ғана алатын болады», - дейді министр.

Дәурен Абаев өз сөзінде бұдан былай халық әкімдікке бармай-ақ, ХҚКО-дағы оператордан қажетті анықтаманы алатынын атап өтті.

«Ақпараттандыру бойынша айтарым. Қазіргі уақытта Мәжілісте жарнама туралы заң қаралып жатыр. Бұл заң жобасының аздаған «төңкерістік» тұсы бар. Демек, прайм-тайм кезінде біз барлық телеарналарға әлеуметтік тегін жарнама көрсетуге міндеттейміз. Мұндай норма бұрын болмаған», - дейді Дәурен Абаев.

Министрдің айтуынша, қазіргі уақытта әлеуметтік жарнамалар тек мемлекеттік телеарналарда көрсетіледі.

«Демек, әлеуметтік жарнамаларды көрсету жеке телеарналарды да қамтиды. Прайм-тайм кезінде, яғни кешкі сағат 18:00-21:00 уақыты аралығында барлық телеарналарда кем дегенде бір немесе, екі әлеуметтік жарнама көрсетілетін болады. Осылайша, біз тек қана Отанға деген махаббатты ғана емес, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениетін насихаттайтын боламыз. Сонымен бірге, әлеуметтік жарнама тек жағымды болуы керек. Онда «Парақорлық тоқтасын» деп айқайлау болмайды, жарнамалар оң үлгілер арқылы жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттауға септігін тигізеді», - дейді Дәурен Абаев.

Тұрғын үй кезегінен шығару заңсыз деп танылды

Қостанай облысының Арқалық қалалық соты азаматша Т-ның «Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің өрекетін заңсыз деп тану шағымы бойынша азаматтық істі қарады.

Талапкер Т. 2012 жылдың

тамызында тұрғын үйге мұқтаж азаматтар тізіміне тіркелген. Сол жылы сағат санының аздығына байланысты Арқалық медициналық колледжінен жұмыстан шығып, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына жұмысқа орналасқан.

Арызданушы үшінші топтағы мүгедек 2016 жылдың сәуірінде жұмыс орнын ауыстырғаны жөнінде анықтама тапсырмауына

байланысты тұрғын үйге мұқтаж азаматтар тізімінен алынып тасталған. Осыған орай, шағым иесі мемлекеттік мекеменің тұрғын үйге мұқтаж азаматтар тізімінен өзін алып тастау әрекетін заңсыз деп санайды.

Сот отырысында анықталғандай, 2016 жылдың сәуірінде тұрғын үй инспекциясы бөлімі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж адамдардың есебінде соңғы

жұмыс орнында болмаған азаматшаны тізім алып тастаған.

Істі қарау нәтижесі бойынша сот азаматша Т-ны тұрғын үйге мұқтаж азаматтар тізімінен шығарылуын заңсыз деп танып, талап арыз қанағаттандырылды.

Шешім заңды күшіне енген жоқ.

М. ҚОҒАБАЕВ, Арқалық қалалық сотының бас маманы

60 бала қақтығыс аумақтарынан елге қайтарылды

Қазақстанда белсенді террористік аумақтардан оралған адамдармен, оның ішінде балалармен де жүйелі түрде оңалту жұмыстары жүргізілмек, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

«Белсенді террористік аумақтардан оралған адамдармен, оның ішінде балалармен де жүйелі түрде дерадикализация жұмыстары басталды. Осы мақсатта ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Антитеррорлық орталықтың бастамасымен, террористік аумақтарда болған балаларды оңалтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс

тобы құрылды» - деп мәлімдеді ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Нұрғали Білісбеков Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырысында.

Оның айтуынша, қазір елімізге 63 бала оралған. Шамамен тағы 50 бала елге қайтарылады деп күтілуде. «Бірден айтайын, қазір Сирия-Ирак аумағында 16 жасқа дейінгі 390 бала жүр, оның 214-і ұл, 176-сы қыз бала. Бұл аз сан емес, балалармен оңалту жұмыстарын жүргізу бойынша алда ауқымды шаруалар күтіп тұр. Біз аталған деректерді айта отырып оның шындыққа қаншалықты жақын екендігіне

кепілдік бере алмаймыз. Балалардың террористік аумақтарда жүргені анық. Бірақ сол балалардың барлығы тірі ме? Осыны деп басып айта алмаймыз», - деді Нұрғали Білісбеков.

«Бізге бомбаланатын аумақтарда қазақстандықтар да жүр деген ақпарат бар. Мәліметті нақтылап тексеріп жатырмыз, бірақ бұл өте қиын шаруа, ол жақта ешқандай консулдық жоқ, қақтығыс аумақтарын жергілікті билік қадағаламайды десе де болады, бірақ біз қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысамыз», - деп атап өтті ол.

inform.kz